



II. ЗАЩИТА ПРАВ ДЕТЕЙ В КАЗАХСТАНЕ: ДОСТИЖЕНИЯ, ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ

ӨОК 347.6

А.Ә. Баймаханов

Құқық қорғау органдары академиясының
1-ші курс докторанты

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН АДАМДЫ ТӘРБИЕЛЕУ ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТТЕРДІ ОРЫНДАМАУМЕН БАЙЛАНЫСТЫ ҚЫЛМЫСТАР

Кез келген өркениетті мемлекет өскелең ұрпақтың денсаулығын сақтауды, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ерекше қамқорлыққа алады.

Соның ішінде, кәмелетке толмағандар арасында кездесетін қылмыс секілді теріс құбылыстарға қарсы күрестің маңызы зор.

Балалар жасайтын қылмыстар қатары артуына орай бұл мәселенің мәні күшейе түседі.

Бала тәрбиесі - бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның мемлекеттік абройлы міндеті.

Кезінде Әл - Фараби бабамыз: «... Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі...» демеп пе еді.

Өз кезегінде, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев «Бейбітшілік – ол әке мен ана қуанышы, ата-аналар денсаулығы және біздің балаларымыздың бақыты. Мен жастар – біздің болашағымыздың тірегі дегенді әркез айтып келемін» - деп атап өткен [1].

Ендеше, жас ұрпақты тәрбиелеп, білім беріп, қоғам мүддесіне жарату ата - аналар мен ұстаздар қауымы үшін кезек күттірмейтін мәселе.

Осы ретте, Қ.А.Бегалиевтің кәмелетке толмағандармен жасалған қылмыстардың криминологиялық факторларына жүргізген терең зерттеулерін атап өтуге болады.

Қ.А.Бегалиев, осы санаттағы қылмыстардың орын алуына әлеуметтік, биолого-генетикалық аспектілеріне тоқталып, бұл қылмыстардың негізгі факторы ретінде қолайсыз отбасы болып отырғандығын жазған [2, 98-112 б.].

Яғни, балалардың жалпы дамуы, психологиялық тұрғыда тұрақты болуы, оларда қоғамдық құндылықтардың қалыптасуы секілді күрделі процестердің барлығында отбасының рөлі ерекше, сондай-ақ олармен қасақана қылмыстық теріс қылық немесе қасақана әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар іс-әрекеттер жасауына тікелей байланыста болады деген тұжырыммен келісеміз.

Осы пікірді Г.С.Мауленовте ұстанып, қолайсыз отбасындағы азықтың жетіспеуі және т.б. сыртқы факторларға назар аударған [3, 64 б.].

Кәмелетке толмаған адамның алкогольдік ішімдіктерді, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді тұтынуына не қаңғыбастықпен немесе қайыршылықпен айналысуына бірінше кезекте ата-анасының немесе өзіне осы міндеттер жүктелген өзге адамның міндеті.

Бұған дейін осы міндетті орындамағаны үшін әкімшілік жауаптылық көзделген болса (30.01.2001ж. *Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасы кодексінің* 111-б., 2-б.), 2015ж. бастап бұл әрекет криминализацияланды.

Осылайша, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің (бұдан әрі – ҚК) 140-бабының 1-бөлігінде кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді ата-анасының немесе өзіне осы міндеттер жүктелген өзге адамның, кәмелетке толмаған адамның қылмыс, қасақана қылмыстық теріс қылық жасауына әкеп соққан, дәлелсіз себептермен орындамауы немесе тиісінше орындамау әрекеттері үшін қылмыстық жауаптылық көзделді [4].



Дегенмен, кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамаған ата-ананың немесе осы міндеттер жүктелген өзге адамның жауапсыз қалуы байқалады.

Мысалы, Қызылорда қаласы бойынша 2016ж. 52 кәмелетке толмағанмен жасалған 56 қылмыстық іс аяқталып (*24 қылмыстық іс ақталмайтын негізде тоқтатылса, 32 қылмыстық іс сотқа жолданған*), 2017ж. 6 айында 19 кәмелетке толмағанмен жасалған құқық бұзушылық жөніндегі 24 қылмыстық іс бойынша процессуалдық шешім қабылданған (*7 қылмыстық іс ақталмайтын негізде тоқтатылса, 17 қылмыстық іс сотқа жолданған*).

Алайда, тергеу мен анықтау органдары тарапынан осы процессуалдық шешім қабылданған істердің ішінен қылмыс жасаған жасөспірімдердің ата-аналарына қатысты шара көру мәселесі жөніндегі құжаттарды Қызылорда қалалық ішкі істер басқармасының жергілікті полиция қызметінің ювеналды полиция бөлімшесіне (*бұдан әрі - ЮПБ*) жолдау назарларынан тыс қалған.

Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексінің (*бұдан әрі - ҚПК*) 44-бабының 3-бөлігіне сәйкес, егер қылмыстық іс бойынша тергелетін іске байланысты емес қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттер туралы мәліметтер алынса, олар туралы барлық материалдар осы Кодексте көзделген тәртіппен сотқа дейінгі жаңа тергеп-тексеру бастау үшін дереу бөлектеп алынуға тиіс [5].

Бұл ретте, ҚК-нің 140-бабының 1-бөлігінде аталған әрекеттер үшін қылмыстық жауаптылық көзделгенін ескерсек, кәмелетке толмағандармен жасалған қылмыстар бойынша жаңа тергеп-тексеру бастау үшін ҚК-нің 140-бабымен дереу бөлектенуі қажет болған.

Алайда, статистикалық мәлімет бойынша осы мерзімде көрсетілген қылмыстар үшін тергеу, анықтау органымен шешім қабылданған қылмыстық істің ішінен ЮПБ-не ҚК-нің 140-бабында көзделген жауаптылықты қарау үшін 2016ж. - 2, 2017ж. 3 айында - 1 ғана құжат бөлектеніп, қалған 77 қылмыстық істер бойынша құжаттар бөлектенбеген.

Сонымен қатар, ЮПБ берген мәліметі бойынша 2016ж. 12 айында ҚК-нің 140-бабының 1-бөлігімен сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне 6 деректіркеліп, тергеп-тексеру нәтижесімен ата-аналардың әрекеттерінде қылмыс құрамы болмауына байланысты тоқтату туралы шешімдер қабылданған.

ҚПК-нің 35-бабының 9-бөлігіне сәйкес, қылмыстық қудалау органдары және соттар қылмыстық іс тоқтатылған кезде, адамның әрекеттерінде әкімшілік немесе тәртіптік (*сыбайлас жемқорлық*) құқық бұзушылық белгілері болған кезде материалдарды әкімшілік немесе тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы мәселені шешу үшін он тәулік ішінде уәкілетті органдарға (*лауазымды адамдарға*) жіберуге міндетті [5].

Осыған қарамастан, тоқтату туралы шешім қабылданған 6 қылмыстық істің тек 1-і бойынша ата-ананың әрекетінде Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің (*бұдан әрі - ӘҚБтК*) 127-бабымен (*ата-ананың немесе басқа да заңды өкілдердің балаларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді орындамауы*) әкімшілік іс қозғау мәселесі көтерілген [6].

Нақтыласақ, кәмелетке толмаған 04.04.2005 ж.т. Д.Сейтмуратов ҚК-нің 188-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыстық әрекетке жол беріп, соңғыға қатысты тергеп-тексеру өндірістен тоқтатылып, ҚК-тің 140-бабында көзделген әрекет үшін ата-анасынашара көру үшін істің ішінен құжаттар бөлектенген.

Алайда, Д.Сейтмуратовтың ата-анасы Б.Каримбаевтың әрекетінде қылмыс құрамы болмауына байланысты іс өндірістен тоқтатылып, соңғыға қатысты ӘҚБтК-нің 127-бабының 1-бөлігімен әкімшілік іс қозғалып, сотқа жолданған.

Қызылорда облысының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты Б.Каримбаевтың әрекетінде ҚК-тің 140-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыстық әрекет құрамы байқалады деген желеумен әкімшілікті 11.10.2016ж. тоқтатқан.

Бұл ретте, ЮПБ-мен сот алдында Б.Каримбаевтың әрекетінде ҚК-тің 140-бабының 1-бөлігімен іс тоқтатылғаны туралы мәселені көтермегені байқалады.

Яғни, балаларының қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін ата-аналарын ҚК-тің 140-бабының 1-бөлігімен немесе ӘҚБтК-нің 127-бабының 1-бөлігімен жауаптылыққа тартуда сот тәжірибесі қалыптасқан.



Осы ретте, балалары сабаққа келмеген ата-аналар ӘҚБтК-нің 127-бабының 1-бөлігімен жауаптылыққа тартылса, балалары қылмыс жасаған ата-аналарға мүлдем шара қолданылмауда.

Осылайша, ата-аналар заңнамада көзделген жауаптылықтан босатылуда.

Айта кету қажет, ҚК-тің 140-бабының 1-бөлігімен көзделген жауаптылық тек жаңа Қылмыстық кодекстің қабылдануымен енгізілген.

Республика бойынша ү.ж. 6 айында осы құраммен тек 5 қылмыстық іс сотқа жолданған (*Қызылорда облысы – 4 іс, Қарағанды облысы – 1 іс*). Ал, осы кезеңде жасөспірімдермен жасалған қылмыстар саны 1520 істі құраған.

Яғни, аталған мәселе басқа өңірлерге тән екендігі байқалады.

Осының барлығы, уәкілетті органдардың қолданылған шаралардың тиімсіздігіне, адамдардың жауапсыз қалуының сезінуіне әкеп соғуда.

Салдарынан жасөспірімдердің қылмысы өршуде.

Жалпы қылмыстық немесе әкімшілік жаза - құқық бұзушылықты жасаған тұлғаны заңнама талаптарын сақтау және құқық тәртібін құрметтеу рухында тәрбиелеу, сондай-ақ құқық бұзушының өзінің де, басқа тұлғалардың да жаңа құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу мақсатында қолданылатынын ұмытпау қажет.

Сондықтан, кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу жөніндегі міндеттерді тиісінше орындамаған ата-ананың немесе осы міндеттер жүктелген өзге адамның жауапқа тарту, сондай-ақ осы санаттағы қылыстардың тергеу әдістемесін жетілдіру қажеттігі туындауда.

Қазіргі кезде, диссертациялық жұмыс аясында осы мәселелер зерттеліп, криминалогия және криминалистика тұрғысынан баға беру арқылы тиісті ұсыныстар жасау көзделуде.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Н.Ә. Назарбаев, Қазақстан Республикасы Президентінің «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана, 2014.
2. Бегалиев Е.Н. Предупреждение правонарушений несовершеннолетних. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007.
3. Мауленов Г.С. Основные характеристики преступности в РК. – Алматы, 1999.
4. Қазақстан Республикасының 3.07.2014 ж. № 226-V Қылмыстық кодексі /<http://adilet.zan.kz>
5. Қазақстан Республикасының 4.07.2014 ж. № 231-V Қылмыстық-процестік кодексі /<http://adilet.zan.kz>
6. Қазақстан Республикасының 5.07.2014 ж. № 235-V Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі /<http://adilet.zan.kz>

